

## Іскерлік ойыны өткізілді

2014 жылғы 19 қарашада Қазақ және орыс тілдері кафедрасының оқытушылары Г.Т.Омарова мен А.С.Алдабергенова №107 РЭТ (энергетикалық факультет) және №109 топ ТМО (техникалық факультет) студенттерімен «Дипломат» іскерлік ойынын өткізді.

**Ойын мақсаты:** «Тілдесудің ресми-іскери стилі» және «Тілдесудің публицистикалық стилі» тақырыптарынан алған білімін пысықтау, іскери құжатты дұрыс құрастыра алу, серіктестермен ресми келісім-шарт кезіндегі жағдаяттық міндеттерді шешу, іскери терминологияны бекіту.

Ойын бес турдан тұрды. Шара барысында студенттер фирма, газетке қажетті тауар туралы жарнамалық хабарландыру құрастырды, үш тілділікті игерілу дәрежесін анықтау мақсатында «Полиглот» конкурсы өткізілді.

